

**Түркістан облысы Сайрам ауданы білім бөлімінің
«№2 Сайрам» бөбекжай - бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

**№1 ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ
ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ**

2024 – 2025 оку жылы

ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫң ОТЫРЫСЫ

ХАТТАМА №1

03.09.2024ж

ҚАТЫСҚАНДАР: 121 ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: Таныс болайық. (Сауалнама)
КҮНТЭРТІБІ

1. Педагогикалық тренинг
2. Ата-аналарға бөбекжай - бақшасының жылдық міндеттемелері, күн тәртібімен таныстыру
3. «Баланы балабақшага бейімдеу» баяндама
4. Жалпы бөбекжай - бақшасының ата-аналар тәрайымын сайлау

СӨЗ АЛҒАН: Бөбекжай - бақшасының тәрбиеші Ж.И.Курбенова - өзінің шығармашылық жұмыстары бойынша презентация жасады. Материалдары қосымша беріліп отыр.

1. ТЫҢДАЛДЫ

Бөбекжай менгерушісі: К.С.Науменова - ата-аналарды жаңа оқу жылының басталғанымен құттықтап өтті. Күн тәртібінде қаралатын мәселелерге тоқталып етті.

БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

СӨЗ АЛҒАН: Бөбекжай - бақшасының психологи: Р.А.Кадирбаева өзінің ата-аналарға дайындаған тренингін жүргізе отырып «Біз бір-бірімізді жақсы білеміз бе?» сауалнамасын жүргізді.

Сұрақтары: «Біз бір-бірімізді жақсы білеміз бе?»

1. Аты-жөніңіз:
2. Отбасыңыздың ең сүйікті тағамы (әкесі, анасы, баласы)
3. Бала кезініңдегі сүйікті іс-әрекеттеріңіз! Ол өз балаңызда байқалама?
4. Жұмыстан келген соң ең алдымен не істейсіз?
5. Балаңыздың ең жақсы көретін қандай сапалық қасиеттері бар?
6. Өзініңдің сүйікті мерекеңіз?
7. Сізді балаларыңыз қалай атағанды қалар едіңіз?
8. Өзіңіз және балаңыз қандай түстерді ұнатады?
9. Сіздің және балаңыздың ең жақсы көретін киімдері қандай?
10. Өзіңіз мектепте қандай пәнді сүйіп оқыдыңыз? Балаңыз қай бағытта икемді?
11. Сізді нендей нәрсе қуантады?
12. Бала тәрбиесінде негізгі мәселе не деп ойлайсыз?

2. ТЫҢДАЛДЫ

Екінші мәселе бойынша сөз алған бөбекжай - бақшасының әдіскері: Н.Д.Дилданова бөбекжай - бақшасының күн тәртібі мен және жылдық міндеттемелері мен таныстырып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТИ: Белгіленіп, бекітілген бөбекжай - бақшасының күн тәртібіне сәйкес тәрбиеленушілерді кешіктірмей әкелу. Балабақшаның тәртіп ережесіне сай таза, ұқыпты киіндіріп, жеке басының гигиена талаптарын сақтау.

3. БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІСІ: «Баланы балабақшаға бейімдеу» тақырыбында өз баяндамасына тоқатылып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ: үшінші мәселе бойынша бөбекжай - бақшасының менгерушісі К.С.Науменова ата- аналардың арасынан жалпы бөбекжай - бақшасының төрайымын сайлауға ат салысайық.

СӨЗ АЛҒАН: Д.Алтынбекова анасы сөз алып барлық топтардың ата- аналар төрайымдары болғанын қалар едік. Бір ауыздан Ержанова Арайлымды сайлайтын едік. Жианлысқа келген басқа ата- аналарда бірауыздан келісіп, қолдады.

СӨЗ АЛҒАН: бөбекжай - бақшасының менгерушісі - К.С.Науменова сіздер келісім берсеңіздер өздеріңіді жалпы бөбекжай - бақшасының ата-аналар тәрайымы ретінде сайлаймыз.

КАУЛЫ ЕТТИ: Топтағы ата-аналар бір ауыздан толық сайлансын.

Бөбекжай – бақшасы менгеруш

Ата-аналар жиналышының тарыхтын

Хатшы:

К.С.Наукенова

А.Ержанова

Н.Д.Дилданова



Хаттамаға қосымша материалдар
«Баланы балабақшаға бейімдеу»
БАЛАНДАМА (АТА – АНА ЖИНАЛЫСЫ)

“Қашан бала гылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады.” (А. Құнанбаев)

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезben туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демекілік. Не көрсе соған талпынып, “ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?” деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені. (А. Құнанбаевтың жетінші қара сөзі) Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінің ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру – біздің негізгі мақсатымыз. Тәрбие–құрделіудеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінің ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруміз қажет. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дайтін жұрт болмаса, жұртым дайтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А. Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ. Ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады. Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін сапалы азамат болып қалыптасу үшін мектеп, мұғалім және тәрбиеші жауапты зор міндеттіктерінде. Ең бастысы – бала ата-ананың оның оқудағы жетістіктеріне қызығушылығын сезінуі керек. Кез келген бала үлгілі немесе үлгермейтін болсын, шапшаң немесе сылбыр болсын, ол өзін жақсы көру мен сыйлауды қалайды.

Естерінізде ұстаныз: баланы әлсіз деп бағаламай, оның жақсылық жағын да көру керек. Жылы сөзді аяманыз. Бір нәрсени орындағанда мақтап, орындағанда сынаңыз. Мақтағанда жеке түрде мақтап, сынағанда елеусіздеу сынауға тырысыңыз. Олардың алдына орындалатын міндеттерді қойыңыз. Бұйырудың орнына өзіңе тең адамша кеңес, көмек сұрауға тырысыңыз. Мүмкіндігіне қарай бір қателік үшін екі рет жазалауға тырыспаңыз. Бала өзін не үшін жазалағанын түсінуі тиіс. Көп жағдайларда баланы мазалау, шектен тыс талап қою нәтиже бермейді.

Ата-анамен бала үйлесімділігі

Отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-бабамұрасынсақтауға ұмтылу, ата-бабамұрасынсақтауға қақөнілбөлу, халықтың тәлімдік мұрасын сақтауға көніл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабактастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық – пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Жасөспірімнің «жауына» айналmas үшін онымен қарым-қатынасыңыз қандай болу керек? Жасөспірім қарым-қатынасында ең маңыздысы – «ойнамау», жағдай мен көніл-күйге байланысты өзгеруге

икемділігінде көрсетуіңіз керек, баланың пікіріне құлақасу, оның түлгасын құрметтеу керек. Ата-аналардың бүйрық беріп, жетекшілік жасау уақыты әлдеқашан өтіп кетті. Сондықтан балаңызға айғайлап ұрысқаннан еш нәтиже шықпайды. Сіз жеңіліске ұшырайсыз. Оның орнына өзінізді ұстамды, дәрежелі көрсетіп, нақты ісінізбен ғана қарым-қатынасты орната аласыз. Жасөспірімдік жастың бір ерекшелігі – өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу болып табылады. Оны түсіну қын, алайда балаңызбен бірге тәуекелге бел байлауға тұра келеді. Осылайша оған біршама жақын болып, өзініздің тапқырлығынан көрсетесіз.

Әзіл мен оптимистік сезімді ұмытпаған дұрыс. Жасөспірім басынан өткен оқиғаның берінде трагедияның үлесі бар деп ойлайды. Сондықтан бұл жерде сіздің тарапынаныздан әзілдеу көмекке келеді. Алайда баланың сезіміне құлудің еш қажеті жоқ, әзіл сол қалыптасқан жағдайдаң өзіне бағытталуы керек.

Ата-аналардың міндеті

1. Бала тәрбиесі негізі ата-анада жатқанын естен шығармауға;
2. Бала бақшамен байланыста болып, баланың сабактан қалмауын, кешікпейкелуін қадағалауға;
3. Балалардың өмірімен білімі үшін олардың рухани дамуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға;
4. Баланы оқулықтармен басқа оқу құралдарымен толық қамтамасыз етуге;
5. Салауатты өмірді насихаттауда баласына үлгі көрсетуге;
6. Баланың жеке басын қорлайтындей жаза қолданбауға;
7. Тәрбиешілердің құқын, беделін, абыройын сыйлауға;
8. Көше ережелерін сақтауды еске салып тұруға;
9. Үнемі тәрбиешілермен тығыз байланыста болып, ата-аналар жиналышына қатысып отыруға.

Қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Ана қыз бала тәрбиесінде экеге қарағанда ерекше қызмет етеді. Басқа ұлтқа қарағанда біздің қазақ қыздарының бойында ізеттілік, ар-ұят, ұялшақтық, үлкенге қызмет көрсету, жанашу қасиеттері басымырақ сияқты. Осындағы қыз балаға тән қасиеттердің қызының бойына сініретін ең бірінші - ол анасы.

Ата-аналарға өсімет

Адам азса, тәрбиенің жоқтығынан азады, қоғам азса адамдардың тәрбиесіздігінен азады. Балаға дұрыс тәрбие беру қоғамның болашақ дамуының кепілі. Сондықтан да баланың тәрбиесін бақшаға тапсырып қоймай, ата-ана, бүкіл қоғам, ақпарат құралдары болып атсалысу қажет

Тыңдығындарыныңға раҳмет